

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру. – Егемен Қазақстан, 3 шілде, 2017 ж. - газета
- 2 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. - Алматы: «Жазушы», 1989, -320 б.-кітап
- 3 Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы: Қазақстан, 1974, -236 б. - кітап
- 4 Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: Атамұра, 2006, - 264 б. - кітап
- 5 Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы: «Жазушы», 1991, - 432 б. - кітап
- 6 Бердібай Р. Жыршылық дәстүр. – Алматы: Қазақстан, 1980, - 288б. - кітап
- 7 Ерімбет Қ. Ұлағатты сөзім ұрпаққа. – Алматы: Маржан, 1995, -320 б. - кітап
- 8 Ерімбет Қ. Шығармалары. – Астана: Фолиант, 2007.- кітап

References:

- 1 Nazarbaev N.A. BolasaKka bagdar: Ruhani jangyru. – Egemen Kazakstan, 3 silde, 2017 j. - gazeta
- 2 Baitursynov A. Adebiet tanytkys. -Almaty: «Jazusy», 1989, -320 b.-kitap
- 3 MuKanov S. Halyk murasy. – Almaty: Kazakstan, 1974, -236 b. – kitap
- 4 Magauin M. Kobyz saryny. – Almaty: Atamura, 2006, - 264 b. - kitap
- 5 Magauin M. Gasyrlar bederi. – Almaty: «Jazusy», 1991, - 432 b. - kitap
- 6 Berdibai R. JyrsylyK dAstur. – Almaty: Kazakstan, 1980, - 288b. - kitap
- 7 Erimbet K. Ulagatty sozim urpaKka. – Almaty: Marjan, 1995, -320 b. – kitap
- 8 Erimbet K. Sygarmalary. – Astana: Foliant, 2007.- kitap

МРНТИ 17.82

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7804.38>

Жетібай Р. Қ.¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

“КӨНЕ ЖҰРТ” ӘНГІМЕСІНДЕГІ КЕЙІПКЕРДІҢ ДӘРМЕНСІЗДІК ЭСТЕТИКАСЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада Жүмекен Нәжімеденовтың “Көне жұрт” әңгімесі жан-жақты талданады. Әңгімеге авторлық концепция тұрғысынан, көркемдік құрылым тұрғысынан талдаулар жасалады. Көркемдік детальдардың орныды-орынсыз қолданысы қарастырыларды. Троп және фигураның түрі айқындалады. Басты кейіпкерге психоаналитика жасалады.

Сонымен қатар қазіргі әдеби үдерістегі психоанализ көріністері сараланды. Мазмұндық және пішіндік тұрғыдан талданып, көркемдік әлеміне шолу жасалады. Сюжеттік байланыстардың әлсіз тұстары көрсетіледі. Зигмунд Фрейдтің “Түс көру” философиялық тұғырнамасына сүйене отырып кейіпкерге психоаналитика жасалады.

Мақаланың маңыздылығы өткен дәуір прозасында талданбай кеткен Жүмекен әңгімелерінің көркемдік құрылымын талдау болса. Өзектілігі сол кезеңдегі әңгімелерден артықшылығы мен кемшілігін салғастыра отырып, басты кейіпкердің жасалу тәсілдерін айқындау. Кейіпкердің парадокске толы оқиғаларды психологиялық санаттан сана дуэліне шығуын, жан мен ақыл арпалысын екшелеп талдау арқылы дәрменсіздік эстетикасының мәнін ашу. Қоғамдық құбылыстағы санаға сымайтын іс-әрекет пен ғәділетсіздік шырғауында қалған кейіпкердің жан дегенде жалғыз жарынан көрген қиянатының басты кейіпкерді дәрменсіздік эстетикасына жетелегенін көрсету.

Түйін сөздер: психоанализ, әңгіме, эстетика, кейіпкер, психоаналитика, конденсация, таным

Zhetibay R.¹

¹ Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

AESTHETIC IMPERMANENCE HERO STORY “КӨНЕ ЖҰРТ”

Abstract

This article analyzes in detail the story of Zhumecken Nazhimedenov “Kөne жұрт”. The analysis of the story is carried out from the point of view of the author's concept, from the point of view of the artistic structure. In artistic details-inappropriate use. The path and shape type are determined. A psychoanalyst is created for the main character.

We also analyzed the manifestations of psychoanalysis in the modern literary process. It is analyzed from a meaningful and formal point of view, and an overview of the artistic world is given. Weak points of plot connections are shown. On the basis of Sigmund Freud's philosophical platform "vision of color", a psychoanalyst of the hero is created.

The significance of the article lies in the analysis of the artistic structure of Zhumeken's stories, which were not analyzed in the prose of past eras. Defining ways to create the main character, comparing the advantages and disadvantages of stories from that period. To reveal the essence of the aesthetics of helplessness through a thorough analysis of the state of the soul and mind, the hero's exit from the psychological category into a duel of consciousness with paradoxical events. In a social phenomenon, an action that carries consciousness is a demonstration that the brutal treatment of the hero, who was left in the captivity of powerlessness, led the main character to the aesthetics of helplessness.

Keywords: psychoanalysis, history, aesthetics, the character, the psychoanalyst, condense, cognition

Жетибай Р. К.¹

¹ *Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан*

ЭСТЕТИЧЕСКАЯ НЕСОСТОЯТЕЛЬНОСТЬ ГЕРОЯ РАССКАЗА “КӨНЕ ЖҰРТ”

Аннотация

В этой статье подробно анализируется рассказ Жумекена Нажимеденова “Көне жұрт”. Анализ рассказа проводится с точки зрения авторской концепции, с точки зрения художественной структуры. В художественных деталях-неуместное использование. Определяются тропы и типы фигур. К главному герою создается психоаналитика.

Также были исследованы проявления психоанализа в современном литературном процессе. Анализируется с содержательной и формальной точек зрения, дается обзор художественного мира. Показаны слабые места сюжетных связей. На основе философской платформы Зигмунда Фрейда “видение цвета” создается психоаналитика героя.

Значимость статьи заключается в анализе художественной структуры рассказов Жумекена Нажимеденова, которые не были проанализированы в прозе прошлых эпох. Определение способов создания главного героя, сопоставляя достоинства и недостатки рассказов того периода. Раскрыть сущность эстетики беспомощности путем тщательного анализа состояния души и разума, выхода героя из психологической категории в дуэль сознания с парадоксальными событиями. В общественном явлении действие, несущее в себе сознательность, - это демонстрация того, что жестокое обращение героя, оставшегося в плену бессилия, привело главного героя к эстетике беспомощности.

Ключевые слова: психоанализ, история, эстетика, персонаж, психоаналитика, конденсия, познание

Кіріспе. Қазақ әдебиетінде не түрлі жауһар әңгімелер болды десек артық айтқандық емес. Бірінен -бірі өтіп, көркемдік құрылымы және мазмұндық тереңдігі тұрғысынан әдебиет айдынында сан жүздеген әңгімелер болды. Ол шығармалар өз кезегінде әдеби оқырмандар және сыншылар тарапынан талқыланып өз бағасын алды. Сондай көркемдік қуат пен пішіндік пайымды ұштастыра өрнектеген әңгімелер ішінде оқырман қауымға танымал бола қоймаған Жұмекен Нәжімеденовтың “Көне жұрт” әңгімесі еді. Бұл әңгіме көркемдік қуаты тұрғысынан замандас шығармалардан кенде тұрады деп те айта алмаймыз. Өзіндік оқиғасына қатынасты фигуралар мен топтардың түрлі тәсілі қолданылған. Сюжеттік байланыстар мен формальқ ізденістер де емес – емес көрініс табады. Әңгіменің жалғыз өзін талдау объектісі ретінде алумыздың атап көрсетер бірнеше себебі бар. Біріншіден, әңгіме мазмұны ерекше бір жағдайға құрылғандығы, екіншіден, антиүлгілік танымның көрініс беруі, үшіншіден әңгіменің соңын уақыт аралығын сақтамай аяқтауы. Міне осы аталған негіздер және тағы да басқа көркемдік және танымдық детальдарды басты назарда ұстай отырып “Көне жұрт” әңгімесін талдап, жан-жақты қырынан саралауды жөн көрдік.

Әдістеме. Әңгіменің басты кейіпкері Қабеннің трагедиялық тағдыры және сол тағдырға себеп болған өзінің өткенін шегініс жасай отырып, сюжеттік шиеленістегі психоаналитикалық бедерді дәрменсіздік эстетикасымен байланыстыра қарастырамыз. Дәрменсіздік эстетикасының анатомиялық және рухани шарпысын салыстыра-салғастыра зерделейміз. Қабеннің ішкі жан дүниесінің күйзеліс себептері теориялық таным тұрғысынан талданады. Әдебиет теориясы (Джули Ривкин, Майкл Райн) еңбегінде қарастырылған қабылдау, психоанализ бен психология, эмоция, жануарлар, адамдар, орындар үлгісі негізінде сараланады.

Нәтиже мен талқы. Әңгіменің фабуласы Қабен деген кейіпкердің жарымен ұрысып қалғанынан бастау алады. Сол жерде ерлі-зайыптылардың арасында кешірім есігі жабылады да, екеуі екі тарапқа кетеді. Содан Қабен өзінің көне жұртына жол тартады. Жол үсітінде не түрлі ой келеді. Бала-шағасын ойлайды. Оған мейірленіп артқа қайтайын десе әйелінің жас жігітпен көңілдес болғаны есіне оралады. Сондай сезімдік парадокс кешкен Қабен анатомиялық тұрғыдан емес, рухани тараптан мүжіліп кетеді. Оқиға соңында уақыт аралығы берілмей, көне жұрттың іздеген ақсақалдың кетіп бара жатқаны беріледі. Осындай шағын фабулалық бірліктен дамыған сюжеттік құрылымға негізделген “Көне жұрт” әңгімесі терең мағыналылық жағынан талдауды қажет етеді. Сондықтан “Аристотель, негізінен, әдебиеттің адамзат игілігіне қалай қызмет ететініне назар аударса, Платон әдебиет арқылы айтылатын ғаламдық шындықтарға мән берді. Екі ойшыл көрсетіп

берген форма мен мазмұн, бейнелеу амалдары мен мағына сынды әдебиеттің егіз өлшемі әдеби теорияның түзілімін бұрынғыдан гөрі айқындай түсті” [4, 14] осы пікірді негізгі ұстын етіп оған қосымша ретінде “Дейтін себебіміз, Жүмекен әңгімелерінде оқыс ойлар мен тығырыққа тірейтін тақырыптар, не жинақталмаған, не дараланбаған кейіпкерлер кездеседі. Мұндай ерекшелікті өз кезеңімен және қазіргі кезеңмен салыстыра – салғастыра талдау қызықты әрі өзекті.” [7, 220] деген пікірді басшылыққа алып “Көне жұрттың” өн бойына ене кетеміз. Әйелі Қабенге ұрысып жатқандағы көріністі “Еріне осы сәт оның бет-жүзі де толып, тырсылдап көрінді. Қасірет пе, долылық па?” [1, 328] осылайша суреттейді. Мұнда автор оқырманын екі ұшты ойға қалдырып отыр. Көгеріп, сазарып тұрған әйел еріне ашулы ма әлде ері мұның алдында айыпты ма? Оқырманды қос сауалдың ортасына тастайды. Кейін, “Қасірет пе, долылық па?” –деп, тағы толғанта жөнелтеді. Осы бір алғашқы абзацтағы психологиялық ахуал ерлі-зайыпты арасындағы ең үлкен парадоксті сезім шарпысы. Автор бұл мәселені өте әдемі жеткізген. Қабеннің жары оған қарап тұрғанда не түрлі күй кешіп синтетикалды аспектінің астына бастырылып қалып отырса, Қабен де посттанымдық тенденциясының шегіне жеткендей-ақ. “Не десем екен? Не демесем екен?” сұрағы психоантонимдік хаусқа жетелейді. Оқырманның өзі кейіпкердің қайсысына болысарын білмей дал болады. Ақылды астан-кестен ететін сөйлемдерден кейін Қабен кетуге бел байлайды. Енді кете берейін десе “...қос табалдырық - қос бірдей айдаһар құсап көрінді” - деп автор кейіптеп жібереді. Психоаналитикалық тұрғыдан қарар болсақ, өкісік, долылық, айдаһар сөздерінің қолданысы автордың қос кейіпкердің ішкі жан сезімдерін һабитустан тыс беріп отырғанын көруге болады. Қабеннің көзіне өзінің қанша жылдан бері отасқан жары дүниедегі ең сүйкімсіз жан ретінде көрінуі отбасылық өмірдегі үлкен жарылыстың суреті. Негізінен қазақ отбасы дәстүрінде ажырасу ұғымы кеңінен таралған әм мансұқталған іс ретінде танылады. Жүмекеннің әңгімесінде көрініс тапқан ажырасу мәселесі ұлттық таным негіздеріне қайшы келіп тұрғанын аңғару қиын емес. Отбасы арасында ұрыс-керіс болады, сол суретті қаламгерлер қағаз бетіне түсіріп әйел бейнесін терең ашауға қолданады немесе еркектің отбасы алдындағы жүгі ауыр екенін ұғындыру мақсатында қолданады, бірақ ерлі-зайыптының ажырасып кетуіне дейін алып бармайтын. Бұл тұрғыдан алып қарағанда қалыпты, байыпты жолмен келе жатқан қазақ әдебиетіне Жүмекен айрықша бір оқиға алып келді десек болады. Бұл бұрыс па дұрыс па? Әрине егер осы әңгіме тәуелсіздікке дейінгі кезеңде замандастары тұрғысынан талданғанда 70 пайыз бұрыс деген баға алар еді. Өйткені ол кезеңнің таным - түсінігі мүлдем бөлек болатын. Ал біз бұл әңгімені қазіргі кезең уақыт өлшеміне салып талқы жасаймыз. Осы тұрғыдан алғанда Жүмекеннің Қабені экзистенциализм вакумында қалған дәрменсіздік эстетикасын бастан кешіруші образ.

Автор вакумда қалған Қабенді синтаксистік паралелизм арқылы “Жігіт бүгінгі ошағын тастап, ескі жұртына ораларда сенгені – отбасы көңілінен гөрі туған топырақтың осы мінезі екенін нақ қазір түйсінгендей болды” [1, 328] осылай суреттейді. Туған жер мен отбасы ұғымдарын яғни екі қасиетті ұғымды қатар қойып, психопарадокстік тәсіл пайдаланады. Осы тәсіл арқылы адам баласының екі қасиет арасында қалғанда бастан кешіріп, көңілден өткізетін күй жапасырын жеткізеді. Автордың ойнақы паралелдік парадоксі оқырманды да дел-сал күйге салады. Әңгіменің басынан бастап аңтарыста қалған оқырман енді оқиғаға ене бастағанда оны қайта сыртқа теуіп “Бұл қалай болғаны?...” деген сауалды өз-өзіне қойдырып, ақыл-есінің астан-кестенін шығарып, интерпретациясын сілкіндіріп жібереді. Осы тұста кейіпкердің дәрменсіздік эстетикасын оқырманына да өткізіп жіберіп шебер қиыстыра берген. Бұл жайында әдебиет теориясы антологиясында “эстетика кейбір тұрапаттардың басқа тұрапаттар сезіміне қалай әсер ететінін зерттейді” [5, 312] деген анықтама берілген. Теориялық анықтама тұрғысынан қарастырар болсақ, Қабеннің алғашқы іс -әрекеттері арқылы автор эстетиканың мәнін аша бастады. Образын алғашқы абзацтармен-ақ тас-талқанын шығарып, оқырманын да бір сілкіп алды. Біз әлі мазмұн мен пішін тұрғысынан талдауға жеткеніміз жоқ. Соның өзінде кейіпкердің алғашқы оқиғалары біраз сөзге талғажау болып отыр.

Кейіпкердің көне жұртты аңсауына түрткі болардай етіп Құлатөлген, Ашақ, Жайықбай, Шеген сынды ономастикалық атауларды қолданып, көркемдік деңгейдегі “жібектей, шарбы майдай, қара тоқымдай” теңеулерін пайдаланады. “Ұят, өкініш, қайғы, аңсау – бәрі бір-ақ түйіншек боп көкірегінен лықсып шығып, тамағына тоқтады.” [1, 329] осындай литоталық тәсілмен берілген сөйлемге психоанализді шебер кіріктірген. Қабеннің өңменінен өтіп өзегін қақ айырған айрылық, автор тарапынан жан-дүние тебернісін суреттеудің мәтіндік емес сөйлемдік стилін танытып отыр. Қабеннің өзегінде өрттей шарпып жатқан недей жағдай еді? Нені аңсап отыр? Не нәрсеге өкінеді? Оқырман жоғарыда берілген сөйлемнен соң осындай сауалдармен шарпысады. Қабенмен бірге жан тебернісіне түседі.

Автор күйзеліс динамикасын әбден жеріне жеткізіп болған соң тақырыпты ашу мақсатында кері шегініске жүгінеді. “Ал... ол күндер жас, бақытты еді. Бірден-ақ қыздың қылығын тапты. Оның әр қимыл, қозғалысы тек өзіне, Қабенге арналған сияқтанды.”[1,330] Екі жастың махаббат бағында кездесіп, өмірдің ең қызық шақтарын сүргені баяндалады. “Қыз күнінде бәрі жақсы...” деген мақалдың кебін осында келтіреді. Келіншегінің мақтауын одан әрі келістіріп “құлын мүшелі, жабайы сұлу” эпитеттерін тиімді қолданады. Бұл эпитеттер “ауыз әдебиетінде “аршын төс, алма мойын т.б” тұрақты эпитеттерге” [2, 118] ұқсас болып келеді. Мұндай эпитеттерді “белгілі бір әдістің (романтизм немесе реализм) эстетикалық концепциясына сай келетін” [2, 118] эпитеттер қатарына қосуға болады. Қабеннің фантазиясын дамытып “Былайғы әйелге бітсе бадырая қалатын мін оның бойына ажар әкелді...” келіншектің суретін жоғары деңгейге көтереді. Образды ашу жолында автордың үлкен ізденіс жасағанын осы тұстардан көре аламыз. Себебі белгілі ғалым З. Қабдолов “Демек, әдебиеттің предметі - адам дегенде, әңгіме дайын әдеби қаһарман жөнінде ғана емес, қаламгердің сол

қаһарманды жасау үстіндегі барлық творчестволық әрекетінің ой-қыры, қия-қалтарысы туралы болуға тиіс” [3, 79] – деп пайымдама береді. Осы тұрғыдан алып қарағанда Қабеннің бейнесін жан-жақты ашуда және келіншегінің бейнесін бірде долы, бірде айдаһар етіп, енді оның қыз күніндегі хас сұлу, өте ибалы бейнесін түрлендіріп беру сан қырлы ізденістің зор нәтижесі іспетті. Кеңінен тоқаталар болсақ әңгіменің басындағы келіншек пен сюжеттік кері шегіністегі келіншек мүлдем басқа. Тіпті олардың арасында ешқандай ұқсастық жоқтай. Бұлайша нақты образ жасау эссенциализм тұрғысынан қарастырылғанын көруге болады. Көркемдік детальдарды “Бұл ретте, деталь кейде авторлық баяндаудың суретке айналған түйіні секілденіп кетеді” [3, 88] дегені секілді авторлық баяндауда шебер үйлестіре білген.

Ымдасып-жымдасқан кейіпкеріміздің махаббат айдынындағы қызықты күндері біртіндеп артта қала береді. Су жаңа жарының да қызығы тәмемдалып өзгелердің етегіне еліре бастайды. Бір рет емес, екі рет емес бақандай он жыл сол қызықты қуып жағалайды. Етек жағалап жүрген Қабен бір күні “Құдық пен үй аралығындағы қияқты сайда келіншегінің әлдекімді аттандырып тұрғанын көре сала... тартқан беті.” [1, 331] осындай сұмдыққа тап болады. Оқырман осыдан кейін кілт тоқтап пауза жасайды. Автордың да бұл мәселені әңгіменің қақ ортасына кірістіргендегі мақсаты да сол еді. “Қабеннің өзі екен ғой кінәлі. Келіншегі опасыз екен ғой. Екеуіде тең бүлінді, енді тең болды.” осындай әртүрлі ой қаптайды оқырманын. Әңгіме басталғандағы “кет” деген сөздермен дәрменсіздік күй кешкен Қабеннің күй – жайы енді ұғынықты болды. Өртеп жіберейін десе өзінің он жыл етек жағалағаны бар. Оны автор “Иә иә, өмір солай, бір әйелге өзі берген қорлықты екінші әйелдің қолынан қайтып алды. Дүние кезек, ақымақ.” [1, 333] осылайша келтіреді. Ал енді өзектен теппейін десе “Жақын адамы дәл мұндай жауыздыққа барады деп ойламағанды” [1, 333].

Осы бір тұста мазмұнға тоқтала кетсек орынды болады. Ең алдымен тақырып тұрғысынан келер болсақ “жазушының шындық болмыстан таңдап, талғап алып, өзінің көркем шығармасына негіз, арқау еткен өмір құбылыстарының тобын тақырып дер едік.” [3, 149] осы пікірді басшылыққа алсақ, “Көне жұрт” әңгімесінің тақырыбын “Отбасы құндылығы” дейміз. Ал отбасы құндылығы өте терең ұғым. Қасиетті тақырып. Отбасы құндылығы қазақ ұлтында ең бірінші мәселе ретінде қаралады. Оның дәлелін қазақтың өмірінен жар-жар, сынсу аушадияр, беташар, неке қияр сынды дәстүрлерден көрумізге болады. Біздің кейіпкеріміз Қабен де ата дәстүрдің ізімен отбасы құрды. Отбасы құру кезеңде әр дәстүрдің өзіндік мазмұны бар емес пе? Мәселен, беташардың өзінде небір өсиет, небір түрлі даналық айтылады. Оның барлығы бос емес қой. Беташардың мән-маңызы жөнінде А. Байтұрсынов: “... Беташар өлеңінің не мақсаттан туып, не үшін айтылатынын тексерсең, мұнда үлкен мағына бар екенін айыру қиын емес. Беташар – беті ашылған жастың бетін ашып, өмір таныту, әрбір елдің өзі қолдаған жол-жобасын түсіндіру. Тәжірибесіз жас әйел жаңа өмірге кіріп, жаңа қауымның ортасына келгенде, сол қауымның қадірлі, құрметті үлкендерін тануға керек. Солардың әрқайсысының орнын білу керек. Жаңа қауымның қадірлейтіні кім, ұлық тұтып сыйлайтыны кім, жаста еркелетіп аялайтыны кім, жас келіннің бұларды топ алдында танып, біліп алуы қажет. Үлкендердің алдында келіннің тәжім қылуы – сол жаңа шарттарға көндім, қабыл алдым дегенінің белгісі.

Екінші үлкен мағына: беташарда қазақ елінің жаңа түскен келінді келешекте ана болуға, қадірлі келін, үлгілі жеңге болуға үйретеді. Бұл өлеңнен қазақ жұртының әйелге жалпы көзқарасы білінеді. Әйел – үй ішінің, ауылдың ағайын ортасының ұйытқысы. Солардың жарастығы, гүлі, берекесі. Күйеуі – сүйеніші, тірегі. Дос туып, туысқан құрып беретін көмекшісі, досы.” [7, 187-188] – дейді. Шындығында беташардың мәні де мағынасы да келінге үгіт-насихат айту. Оны тезге салып тәрбиелеудің алғашқы жамағаттық әдісі. Қабеннің жарының басынан да бұл өтті емес пе? Сонда насихат қайда кетті? Бұл насихат тек келінге айтылды деп ұғыну әбестік болар. Қабенге де айтылған насихат еді. Қабен қайда қарап отыр? Үлкендерден көрген ізетті жолы қайда мұның? Екеуіне де отбасы деген жай ғана сөз болғаны ма? Әлде ата дәстүрді оп-оңай аттап кете бермек пе? Автор отбасы тақырыбына бармас бұрын жан-жақты зерделеген. Сол себепті де қос кейіпкерді дәрменсіздік эстетикасы тұрғысынан суреттеп отыр. Екеуі де бәрін өзгертіп, кешірім жасап, отбасын сақтап қалу үшін мейрім есіктерін ашуға болар еді. Дегенмен, екеуі де дәрменсіз құндылық алдында дәрменсіз, отбасы алдында дәрменсіз, бала-шаға алдында дәрменсіз ең сорақысы тәкәппарлық бұғауының алдында дәрменсіз. Автордың тақырыпты әңгіменің бел ортасына қарай ашуы, образдардың саналы әм бейсаналы іс-әрекеттерін бейреалистік формаға түсіріп эпигенетикалық әдісті тиімді қолдануында.

Идеясына тоқаталар сәтте 3. Қабдоловтың “идея – жазушының сол өзі суреттеп отырған өмір құбылысы туралы айтқысы келген ойы, сол өмір құбылысына берген бағасы дер едік” [3, 150] – деген пікірін есермей кету әбестік болар. Жүмекен Көне жұрттында отбасы құндылығын тақырып етіп алды десек идеясы да мұнан алшақ кете қоймасы анық. Себебі “идеясыз тақырып, тақырыпсыз идея болуы мүмкін емес” [3, 150]. Көне жұрттың идеясы - отбасын сақтау, ерлі-зайыпты арасында тәкәппарлық бұғауының болмауы, мейірім есіктерінің әрқашан бір-біріне ашық болуы және ақ төсекке қиянат жасамау. Әңгіменің негізгі идея бірлігі осылардан тұрады. Жазушы ерлі-зайыпты арасындағы ұзаққа созылған бір-біріне көңіл бөлмеу, төсектен тартыну, ақ төсекке қиянат жасау сынды мәселелерді бір ғана оқиғамен көрсетеді. Осы арада оқырманнан сауал туындайды. Не істемек керек? Неге қиянат жасалды? Қабен неге өйтті? Жары неге өйтті? Тентекті тезге салуға болар еді ғой? Қабеннің өзі де бәрін түсініп еді ғой? Иә, расында, Қабен өз қатесін түсінген еді. Бірақ тым кеш болғанын. Бұл жерде мәселе екеуінің жасаған қателігінде емес. Екі кейіпкердің де сыңаржақ ойлармен шырмалып экзистенция вакумында қалып кеткендігінде. Сол вакумда эгоның өсіп дамуы Қабеннің келіншегінен көрініс табады. “Ол істеп жүр, мен неге істей алмаймын?!” - деген ой эгоның қуаттануына алып келеді.

Бұл арада тек екі кейіпкердің анаусы дұрыс мұнысы қате деуден әрине аулақпыз тек идеяға барар жолда жазушының нарратив теориясындағы функцияны қолдануы 3. Қабдоловтың “сол өмір құбылысына берген бағасы дер едік” [3, 150] сөзін қуаттай түсетінін нақтылағымыз келеді.

Әңгіменің идеясын дәстүрлі-танымдық жақтан талқылайтын болсақ, қайтадан некекіяр дәстүрі тілге тиек болады. Олай болу себебі Қабен мен оның жары ақ адал некені бұзып отыр емес пе? Иә, солай. Неке қастерлі ұғым емес пе? Қазақ даласында неке жаңғырту болғанымен, неке бұзу деген салт барма еді? Мұның бәрін қоя тұралық неке қиғанда молданың оқитын дұғасын қарап көрейікші: “Аллаһым! Бұл некені мүбәрәк ет! Араларына жақындық, татулық, махаббат және некелеріне беріктік нәсіп ет, бұларды жеккөрушіліктен, сыйыспаушылықтан және ажырасудан қорға! Аллаһым! Адам алейһиссалам мен Хаууа анамыз, Мұхаммед алейһиссалам мен Хадижа-и кубра және мүминдердің анасы Айша анамыз, Хазреті Әли мен хазреті Фатима-туз Зәһра анамыз арасында бар болған жақындықты бұларға да нәсіп ет! Бұларға салих бала-шаға, ұзақ өмір және мол ризық ихсан ет! Амин. Ей Раббымыз! Жұбайларымыз бен бала-шағамызды бізге құтты ете гөр және бізді Аллаһқа қарсы келуден сақтанғандарға жол көрсетуші ет! Ей Раббымыз, бізге дүние мен ахиретте жақсылық, әсемдік бер. Бізді Жаһаннам азабынан қорға! Құдірет пен құрмет иесі болған сенің Раббың олар айтқан қате сөздерден пәк. Бүкіл пайғамбарларға сәлем болсын. Әлемдердің Раббы болған Аллаһқа хамд болсын.” [8]. Дұғада айтылған беріктік, татулық қайда? Қабен де жары да бұл қасетті ұмытқаны ма жерге таптағаны ма? Жазушы осы діни-танымдық тұрғыдан алып қарағанда екеуін де жақтап отырған жоқ керісінше екеуінің әрекеті дұрыс емес екендігін астыртын ұғындырып отыр. Қанша жерден ашу ыза туындап отырса да онысын шығармаға қосып құстаналап жатқан жоқ. Авторлық концепцияны тиімді тұшымдаған.

Тақырып пен идея мәселесін қортындылай келе “Көне жұрт” әңгімесі отбасылық құндылық тақырыбын қаузап, шаңырақ тұтастығының маңызды екенін жіті жеткізіп отыр.

Енді әңгімені Зигмунд Фрейдтің енгізген психоанализ ілімі негізінде талқыға саламыз. Талқыны бастамас бұрын психоанализдің мәнін ашып кетелік. “Фрейдтің айтуынша, “Мен” - ақылдың бір бөлігі ғана. Біз түс көру сияқты құбылыстарға назар аударсақ, онда санадан бөлек, “Мен” ұғымынан тысқары, бірақ саналы пайымдауда болып жатқан процесті қалыптастыруда маңызды рөл атқаратын тағы бір өлшем бар екенін түсінеміз” [4, 125] – дейді. Қабеннің “мені” еркектік мен дер болсақ, жарының “мені” әйелдік психологияның жемісі. Олардың айыбы эгоның қорғаныс құралдары интеллектуаландыру, проекциялау, рационалдауды жадтан тыс қалдыруында. Мәселен, интеллектуаландыру кезінде кейіпкер қысымға ұшырауы ықтимал сезімінен бас тартады да, зейінін сезімге емес, зерделеу процесін іске қосатын ақыл-ой бөлігіне қозғау салатын нәрсеге аударылар еді. Ал проекциялауда өзіне оғаш көрінген сезімді өзгеге телімейтін-ді. Қабен мен жары осындай сәтте психологиялық дағдарысқа ұшырап, ат кекілін кесісіп, оқырманға психоаналитика жасауға мүмкіндік туғызады. Бұл да бір автор оқырман кейіпкер үштігінің субъективтік қатынасының көрінісі.

Әңгімеде кездесетін психоаналитикалық деталь “түс көру”. Түс көру кездесетін әңгімелер, хикаяттар, романдар бар. Біз мұны Жүмекендегі жаңалық деп көрсеткелі отырғанымыз жоқ. Ғалым Зигмунд Фрейдтің “түс жору” еңбегінде көрсетілген сүрлеудің ізімен талқыға салғалы отырмыз. Қабен жұртын іздеп келе жатқанда бір жерге жантайып жатып, көз шырымын алуды ұйғарады. Сол сәтте ол түс көрді. Түсінде жары, балаларын көреді. Оған қоса дарияны, сол дария жарының, бала-шағасының көз жасы екенін аңғарады. Осындай шағын түс деталы беріледі. Детальды қарастырмас бұрын “Түс ойлар мен түс-мазмұн біз үшін бірдей субъектив мәселенің екі тілдегі қос нұсқасы сияқты көрінеді. Басқаша айтсақ, түс-мазмұн түс ойларды жеткізудің басқа бір жолы секілді.” [6, 193] - деген пікірді басшылыққа аламыз. Автор ерлі-зайыптылардың жұптасқан тағдыры екіге айырылғаннан кейінгі тағдырды белгілі бір оқиға немесе сюжетпен бермей, Қабеннің түсі арқылы беруін үш көзқарас тұрғысынан қарастыруға болады. Бірінші, екі кейіпкермен басталған әңгімені екеуімен ғана аяқтау болса, екінші, бала-шағаны азапқа қимады, үшінші автор өмірінде ажырасқандардың ажырасудан кейінгі қиын тағдырын өз көзімен көрмеген. Осындағы үшінші көзқарас тұрғысынан берілген анықтама дөп келетін секілді. Егер автор ажырасудан кейінгі жандардың жай-күйін көрсе сезінер еді. Сезінген дүниесін қағаз бетіне түсірер еді.

Түстегі бірді-екілі бөлшектерге тоқтала кетелік: “Жаңағы жарты қазанмен көсіп қалып еді, ілінген су емес, кілең уақ жылан, күн сәулесінде жалт-жұлт ойнайды, жүз бұралып билейді. Лақтырып жіберіп, артынан қараса... өзінің үш баласы, әйелі – бәрі жарты шәуіміге мінгесіп ап, батып-шығып жүр.” [1, 335]. Түсте тілге тиек болған жылан, су, дария деталдары оқыс ойларды тудырады. Түстің негізгі элементі – бала-шаға мен әйелі. Ол, сірә түс көргеннен бұрынғы әсерлерден туған. Дария – бал-шағасының көз жазы ретінде беріліп отыр. Осы жерден автордың тереңдігі байқалады. Тілімізде “Көз жасы дария/көл болады” деген сөз орамы бар. Осы орамды әңгімеге көркемдікпен қиюластырған. Оған қоса дария ұғымы көптік мағынасында да қолданылады. Осы жағынан да автор бала-шаға мен жарының көз жасын басқа сөзбен суреттеудің орнына екі қоянды бір оқпен атқаны көрініп тұр. Ал судың қолданысы да тілдік оралымнан алшақ кетпейді. “Малмандай су болды, жаңбыр жаумай су болып жүр” сынды сөз орамдары тілдік қолданыста жиі кездеседі. Әрине бұл сөздер жөнді-жөнсіз сілтеп қолданылудан аулақ. Өзіндік ішкі семасиология бірлігін сақтаған күйде қолданысқа енеді. Әңгімеге су деталының кіргізілуін екі нұсқада қарастыруға болады. Бірінші, судың не нәрсені болсын тазартатындығы. Яғни, Қабеннің жүрегінде қалған дақты, жарының көңілінде қалған сызды кетіру керек пе еді деген мақсатта қолданған болу мүмкін. Екінші, барлығы су болып ағым құрдымға кетті деген мағынада. Жылан не үшін? Заңды сауал туындайды. Иә жылан не үшін? Тілімен шаққан жары ма? Қабенді сан айналдырған

бұрымдылар ма? Уыты қатты тағдыр ма? Ирелендеп ішке сыймаған нәпсі ме? Бәрі бар. Қабеннің шакуатын оятқан етектерілер, соған қарай жетелеген нәпсі, нәпсінің есесінің өте үлкен ауыр сөз болып жарының ауызнан шығуы, қу нәпсінің әйеліне де кіріп, бұзылған тағдыр. Барлығын бір детальмен жымдастыра білген. Барлығы жиылып отбасы құндылығын ұмыттырып, қасиетті бойларынан сурып, азғындық аралына сапар шеккізген.

Түстің жалғасында “Енді бір қараса: бала-шағасының мінгескені – манағы машина, дәл сол, машинаның тұла бойы тола бұранда, сым-сыпатта. Әйелі алға, тұмсыққа мінген, сық-сық күледі. Кішкене балалары шырқырап жылайды...” [1, 335] - деп суреттеледі. Ұрпақ дегенде кімде-кімнің ет жүрегі елжіремес пе? Қабенде оны ойламады деу айып болар. Ал, әйелінің күлгені нес? Ол ана емес пе? Автор осы бейнелеу арқылы оны аналық мейірімнен жұрдай етті емес пе? Қабен ұрпағын ойлап қан жылайды. Жаттың қолында қалайша оңсын? Бұл жерде психоаналитикадағы конденсация қызметі айқын көрініс береді. Үлкен масштабтағы түстің қызметі. Бұл қызмет жайында әдебиет теориясында “Негізінен, түс-ойлар бүтін материал ретінде қабылданады” - деп тәпсірленеді. Осы тұрғыдан қарағанда Қабен түс көру процесінде эгосын жеңіп, экзистенциализм вакуумын жарып өтті. Автор осы арқылы конденсация қызметін тиімді пайдаланды.

Енді аз-кем сөз сюжет туралы. Көне жұртта сюжет шегінсіке құрылған. Сюжет мінсіз деп айтудан аулақпыз. Өз тарапымыздан мынадай дүниелерге тоқталғымыз келеді. Ерлі -зайыптылар ұрысқан кезде сол елдің ақсақалы немесе аға-бауыр туысы (екі жақтың да) бір сюжет ретінде кірестірілмеген. Бұл сюжет кірестірілгенде тартыс шынайы әм әсерлі болар еді. Өңгімедегі тартыс тұздығы кем секілді. Осы сюжет арқылы қос кейіпкердің бейнесін тағы да тереңінен ашуға мүмкіндік туатын еді. Бұл арада авторлық идея басым болып, объективтік идея тасада қалып қойған сынайы. Ситуация тартысқа мүмкіндік туғызып отырғанымен оқырман күткен тартыс әңгімеде қылаң бермейді. Ал сюжетке қажетті психологиялық мотивировка толықтай жеткілікті. Осы тұрғыдан қарағанда сюжеттегі тартыстың шиеленісі кемдеу көрінді.

Қорытынды. Жазушы қаузап отырған тақырып пен идея өз кезеңінде алдыңғы қатарлы тақырыптардың бірі еді. Ал қазіргі зааман тұрғысынан алып қарар болсақ, өте өзекті тақырып. Отбасы құндылығы - Қазақ қоғамы үшін мәңгілік қасиетті тақырып. Өңгімедегі ерлі-зайыптылардың ажырасуы үлкен қасірет. Осы қасіретті автор жеріне жеткізбесе де шама-шарқының келгенінше жеткізе алған. Ал бүгінгі замана өлшеміне салсақ ең ауыр және ең өткір мәселе. К. Паустовский “кез келген тақырыпты бүгінгі күндікі етуге болады, тек жазушының өзі өз ғасырының биігінде болу” [9, 57] қажет екенін айқын көрсеткен. Өңгімеден тағы бір байқайтынымыз авторлық тенденцияның қуаты. Шындықты суреттеудегі қаламгерлік құштарлық пен қоғамдық көзқарасының ой өзегі мығым принцип ретінде көрініс табады. Ол кезеңде көп болмаған шығар қазіргі кезеңде ажырасу мәселесі белең алып отыр. Фактчек (factcheck.kz) порталының мәліметінше Қазақстанда күніне 150 жұп, сағатына 6 жұп ажырасып отырады екен. Бұл статистика қаншалықты рас екенін білмеймін. Бір білетінім таныс-тамырлардың ажырасып жатқандығы көз алдымызда болып жатқан дүние. Бұл не? Қоғамның азғындауы ма? Әлде әлеуметтік жетіспеушілік пе? Әлде қулық па? Қулық дейтін себебіміз Tengrinews.kz сайтында 2020 жылдың 29-ы маусымында “Ажырасқан отбасылардың көбеюі ел үшін үлкен проблема болып отыр. 2017 жылы 55 мың факт, я болмаса жалпы тіркелген некенің 39 пайызы болса, 2019 жылы 60 мыңға жуық ажырасу, я болмаса 43 пайыз болды. Бұл мәселеде бір фактіні атап өткім келеді. Ажырасудың осынша көп болуына атаулы әлеуметтік көмекті енгізу де ықпал етті. Адамдар материалдық көмек үшін жаппай қағаз жүзінде, өтірік ажырасқан. Қазір қоғамда болып жатқан кез келген өзгерістер отбасыларға кері әсер әсер етуі мүмкін” [10] – деген мәлімет келтіріледі. Ал, біздің кейіпкерлерміз моралдық азғындауға түскен. Бірі етек жағаласа екіншісі ерек жағалады. Соның салдарынан бір отбасы быт-шыт болды. Осы тұста дәрменсіздік эстетикасы орын алды.

Сондықтан “Көне жұрт” әңгімесін психоаналитикалық қырынан талдау жүргізе отырып кейіпкердің дәрменсіздік эстетикасын барынша ашуға тырыстық. Жалпы Қабен де оның жары да ұлттық жауапкершілік алдында, бала-шағасының алдында, туған-туыс алдында дәрменсіз болды. Бұл дәрменсіздік Құдайдың қылғаны емес, тәкәппарлық қамтынан шыға алмағандық еді. Өңгіменің соңында “...ескі жұртын көзі жұмылғанша іздеуге бел байлап еді. Кім біледі, бәлкім, табар да?!” [1, 336] - деген сөйлем беріледі. Неге көне жұртты іздейді? Неге болашаққа қарай қадам баспайды? Өйткені Қабен өз болашағына, бала-шағасының болашағына өз қолымен балта шапты. Тайрандады, сайрандады, ойланбады. Қу нәпсіні қуды - жете алмады. “Қас қылғанға қас қылам” деп жары да қия басты. Ол да омақасып түсті. Бала – шағаның жазығы не еді? Неге екеуінің біреуі ойламады? Жыландай ирелендеген қу нәпсі ойлатсын ба? Әрине, ойлаптайды, ойнатады. Азғындыққа ұшыратады. Екі кейіпкердің ұқсас күнәсін азғындық деп бағалауға тура келеді. Себебі әдебиет теориясында адам дәрменсіздігінің эстетикасын айта келіп “Азғындаған өнер” көрмесіндегі: “Сіздер, айналамыздан жаппай ессіздікке берілген, әдепсіздікке ұрынған, түкке жарамайтын әрі сіңірі шыға азып-тозған құбыжық ұрпақты көресіздер...” [5, 332] – деген сөзді келтіреді. Осы тұрғыдан алып қарағанда “Көне жұрт” өткеннің де бүгіннің де өзекті мәселесін қозғаған, азғындықтың соңы қасірет екенін насихаттаған, көркемдік деңгейі келісті, мазмұны жетік әңгіме.

Пайдаланылған әдебиеттегі тізімі:

- 1 Жұмекен Нәжімеженов. *Толық шығармалар жинағы. 6 – том. Алматы: “Қазығұрт” баспасы, 2012. 488 б.*
- 2 Жанұзақова Қ.Т. *Әдебиеттануға кіріспе. – Алматы: “Мерей” баспасы, 2015. – 276 б.*
- 3 З. Қабдолов. *Сөз өнері. – Алматы: “Қазақ университеті” 1992. – 352 бет.*

- 4 Райан Майкл “Әдебиет теориясы: Кіріспе” - Алматы: “Ұлттық аударма бюросы” қоғамдық қоры, 2019. – 292 б.
- 5 Әдебиет теориясы: Антология. 4-том/Джули Риквин мен Майкл Райанның редакциясымен. – Алматы: “Ұлттық аударма бюросы” қоғамдық қоры, 2019. – 452 б.
- 6 Әдебиет теориясы: Антология. 2-том/Джули Риквин мен Майкл Райанның редакциясымен. – Алматы: “Ұлттық аударма бюросы” қоғамдық қоры, 2019. – 372 б.
- 7 Жетібай Р.Қ. «Ж. Нәжімеденовтың “Азамат ауылы” және “Әйелдер” әңгімесіндегі әйел бейнесі. - ХАБАРШЫ “Филология ғылымдары” сериясы, №4(74), 2020
- 8 А. Байтұрсынов. Шығармалары. – Алматы, 1989. – 448 б
- 9 <https://www.islamdini.kz/articles/904->
- 10 Жанұзақова Қ.Т. Әдебиеттануға кіріспе. – Алматы: “Мерей” баспасы, 2015 – 276 б.
- 11 Төлеуова Р. 29 июня 2020 https://tengrinews.kz/Kazakhstan_news/ataulyi-aleumettk-komek-alu-ushn-ajyiraskandar-sanyi-arttyi-406697/

References:

- 1 Jumeken Najimejenov. Tolyk sygarmalar jinagy. 6 – tom. Almaty: “Kazygurt” baspasy, 2012. 488 b.
- 2 JanuzaKova K.T. Adebiettanuga kirispe. – Almaty: “Merei” baspasy, 2015. – 276 b.
- 3 Z. Kabdolov. Soz oneri. – Almaty: “Kazak universiteti” 1992. – 352 bet.
- 4 Raian Maikl “Adebiet teoriasy: Kirispe” - Almaty: “Ultyk audarma burosy” Kogamdyk Kory, 2019. – 292 b.
- 5 Adebiet teoriasy: Antologia. 4-tom/Juli Rikvin men Maikl Raiannyn redaksiasymen. – Almaty: “Ultyk audarma burosy” Kogamdyk Kory, 2019. – 452 b.
- 6 Adebiet teoriasy: Antologia. 2-tom/Juli Rikvin men Maikl Raiannyn redaksiasymen. – Almaty: “Ultyk audarma burosy” Kogamdyk Kory, 2019. – 372 b.
- 7 Jetubai R.K. «J. Najimedenovtyn “Azamat auuly” jAne “Aielder” Angimesindegi Aiel beinesі. - HABARSY “Filologia gylymdary” seriasy, №4(74), 2020
- 8 A. Baitursynov. Sygarmalary. – Almaty, 1989. – 448 b.
- 9 <https://www.islamdini.kz/articles/904>
- 10 JanuzaKova K.T. Adebiettanuga kirispe. – Almaty: “Merei” baspasy, 2015 – 276 b.
- 11 Toleuova R. 29 iunA 2020 https://tengrinews.kz/Kazakhstan_news/ataulyi-aleumettk-komek-alu-ushn-ajyiraskandar-sanyi-arttyi-406697/

МРНТИ 17.82.09

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7804.39>

Зайкенова Р.,¹ Сағымбекова Ф.²

^{1,2}Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

“АБАЙ ЖОЛЫ” РОМАН-ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ КӨРКЕМ КОНЦЕПТ

Аңдатпа

Абайдың 50 жылғы саналы ғұмыр жолын танытатын “Абай жолы” романында ұлттық идея мен ұлттық мүддені, ұлттық талғам-түсінік пен ұлттық психологияны тереңнен тартып, өмір шындығы мен көркем шындық тиянақты тұжырым табады. Осы арқылы шығармада Хакім Абайдың кесек тұлғасы сомдалады. Көркем концепт ұлттық болмыстың өзіндік ерекшелігімен айқындалады. М.Әуезов қолданған әдеби сөз қолданысы халқымыздың бай тілдік қазынасын көрсетеді. “Абай жолы” роман-эпопеясынан қазақ халқының күнелту салты мен әдет-дағдысына қатысты концептілердің барлық түрін кездестіруге болады. Мысалы, некеқияр, ұрын бару, ас өткізу, қонақасы беру т.б. сияқты салт-дәстүр түрлері мен саятшылық пен аң аулау кәсібінің көптеген түрлері романда кеңінен сөз болады. Мақалада ұрын бару концептісі ұлттымыздың ежелден келе жатқан салт-дәстүрі екендігі туралы айтылып, ғылыми түрде тұжырымдалады.

Түйін сөздер: концепт, когнитивтік, ұлттық құндылық, таным, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ұрын бару

Zaiknova R.,¹ Sagymbekova F.²

^{1,2} Kazakh National Women's Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan